

1-тақырып. «Бұқаралық жою қаруынан қорғау» пәніне кіріспе. Бұқаралық жою қаруы туралы түсінік.

Тақырып бойынша сұрақтар:

1. «Бұқаралық жою қаруынан қорғау» пәніне кіріспе. Негізгі түсініктер мен ұғымдар.
2. Бұқаралық жою қаруы туралы жалпы түсінік. Жаппай зақымдаудың қазіргі заманғы құралдары, олардың түрлері, ерекшеліктері және оларды қолданудың салдары.
3. Жаппай жою қарудан қорғаудың заңнамалық және нормативтік құқықтық негіздері.
4. Төтенше жағдайлар және азаматтық қорғаныс жүйесі.

Бұқаралық жою қаруынан қорғау (жаппай қырып-жою қаруынан қорғау) – әскерлердің жеке құрамына, азаматтық халыққа және материалдық құндылықтарға жаудың ядролық, химиялық және биологиялық қаруының әсерін алдын алу немесе әлсірету жөніндегі іс-шаралар жүйесі.

Пәннің мақсаты:

«Бастапқы әскери дайындық» білім беру бағдарламасының білім алушыларына жаппай шығынға ұшырату үшін қолданылатын жою қабілеті жоғары қарудың қолданылуы мәселері бойынша білім беру және оларда барлық қорғау әдістерін тиімді пайдалануға қажетті дағдыларды қалыптастыру болып табылады.

Пәннің негізгі міндеттері:

- бұқаралық жою қарудың сипаттамасын және одан қорғау шараларын қарастыру;
- радиациялық, химиялық және бактериологиялық зақымдану ошағында халықтың іс-әрекеті мен жүріс-тұрыс ережелерімен таныстыру;
- жаппай қырып-жою қарудың құралдармен зақымданған кезде алғашқы көмек көрсетуді үйрету.

Пәннің оқыту нәтижелері:

- Білім алушылар радиациялық, химиялық және бактериологиялық зақымдану ошағында халықты қорғау шараларын ұйымдастыру мен іске асыруды меңгереді;
- жаппай жою қарудың зақымдану ошағында халықтың іс-әрекеті және жүріс-тұрыс қағидаларын біледі;
- радиоактивті және уландырғыш заттардың, бактериялық құралдардың әсерінен зақымданған кезде өзіне-өзі және өзара көмек көрсетуді үйренеді;
- жаппай шығынға ұшырату әсерін ескерту мен салдарын жою тәсілдерін меңгереді.

Құзыреттіліктері:

Білім алушылар бұқаралық жою қарудың қолданылуы мәселерін біліп жаппай шығынға ұшырату әсерін ескерту мен салдарын жою және барлық қорғау шараларын ұйымдастыру мен іске асыру бойынша қажетті дағдыларды меңгереді.

Бұқаралық жою қаруының түріне байланысты қорғаныс жүйе радиациядан, химиядан және бактериядан қорғау деп бөлінеді.

Жаппай жою қаруынан қорғауға инженерлік, мотоатқыштар және басқа да әскерлер, әскери-медициналық, химиялық, ветеринарлық және басқа да қызметтер қатысады.

Жаппай жою қаруы - жаппай шығынға ұшырату немесе қирату үшін қолданылатын жою қабілеті жоғары қару. Жаппай жою қаруының жою факторлары оны қолданудан кейін белгілі бір уақытта қарсыласты шығынға ұшыратуы және оған күшті моральдық, психологиялық әсер етуі мүмкін. Жаппай жою қаруының объектілері тек қарулы күштер топтары ғана емес, сонымен бірге қарсыластың алыстағы тылы, саяси әкімшілік орталықтары, ірі қалалары мен өнеркәсіп орындары, адамдар, оларды еңбек өнімдері және өмір сүрудің табиғи ортасы (топырақ жамылғы, өсімдіктер мен жануарлар, климаттық және геофизикалық элементтер) болып табылады. Жаппай зақымдаудың қазіргі заманғы құралдарына ядролық (Жаппай жою қаруының негізгі түрі), химиялық және бактериологиялық (биологиялық) қару жатады. Жаппай жою қаруы ракеталар, авиация мен артиллерия арқылы жеткізіледі.

Жаппай қырып-жоятын қарудан қорғау - әскерлерді, тылдағы нысандарды ядролық, химиялық, биологиялық қарулардан қорғау, әскерлердің соғысқа қабілеттілігін сақтау мақсатында жүргізілетін шаралар жиынтығы. Оған төнген қауіп туралы дер кезінде хабарлау, халықтың кейбір бөлігін қауіпсіз жерге көшіру, қорғанатын баспана ұйымдастыру, қорғанудың дербес құралдарымен, сумен, азық-түлікпен қамтамасыз ету, халықтың азаматтық қорғаныс ісі жөніндегі білімін арттыру және адамдардың үрейленбеуі үшін арнаулы тәртіп сақтайтын қызмет орнын құру т.б. шаралар жатады. Сондай-ақ, оған белгілі бір ауданда жарылған ядролық бомба желдің соғу бағытына қарай көптеген аймаққа радиоактивтік зақым келтіретінін есепке ала отырып, әуеден төнген қауіп-қатермен бірге, жаудың ядролық соққысы қай ауданда болғанын, барлаушылардан түскен мәліметтер бойынша желдің бағытын, атом қаруының радиоактивтік зақым келтіретін аймағының көлемін радио арқылы халыққа хабарлау жүйесі де енеді. ¹

Жаппай қырып жою қаруларына түсінік.

Дүниеге келгеннен бастап-ақ ядролық өзіне ие болған мемлекеттің күштілігін білдіретін белгісі болып саналады. Қазіргі заманда ірі халықаралық саясат даулары барысында ядролық қару міндетті түрде есепке алынады. Орасан зор қирату күші бар осы қару адамзат қолында болғандықтан оның бір кезде пайдаланылатынына күмән жоқ. Ол қолданылды да. Әлемді дүр сілкіндіріп Хиросима мен Нагасаки жапон қалаларын жермен жексен қылды. Адамдардың басым көпшілігі ядролық (атом) бомбаларының барын біледі, олардың жарылыс салдары туралы да естіген болатын. Алайда, ракеталық-ядролық соғысынан көтерілетін экологиялық проблемаларды, шығындардың мөлшерін, жалпы қирау көрінісін нақтылы мәнінде көз алдына елестете алатын тұлғалардың саны шамалы болса керек. Айтарлық, жалпы қырып жоятын қарудың қолданылуы аса шығындарды халық қалың орналасқан аймақтарда

келтіреді, ядролық жарылыстардың адамдарға психологиялық жағынан ететін әсерін де есептен шығаруға болмайды. Оның үстіне, қаза тапқандардың, жарақат алғандардың жалпы зардап шеккендердің саны сау қалған адамдардың санынан, мысалы жеке бір қаланы алсақ, молырақ болуы мүмкін. Жарылыс салдарының біраз уақытқа созылатын әсері де жоқ емес.

Ядролық қару. Ядролық қару жаппай қырып-жою құралы ретінде қысқа мерзім ішінде әкімшілік орталықтарды, өнеркәсіп және әскери нысандарды, әскерлер тобын, флот күштерін талқандау, қоршаған ортаны радиоактивтік ластандыру, жаппай бүлдіру, суға батыру, т.б. мақсаттар үшін қолданылады. Ядролық қару адамдарға күшті моральдық және психологиялық әсер етеді. Оның қуаттылығы тротилдік эквивалентпен бағаланады. Қазіргі заманғы бұл қарудың қуаты ондаған тротилден бірнеше ондаған млн. тротилге дейін жетеді. Арнайы әдебиеттерде ядролық қарудың қуаты килотоннамен (кт) және мегатоннамен (мт) де көрсетіледі. Бұл қаруды қарулы күштердің барлық түрлері қолдана алады. Ядролық қару қуаттылығы бойынша стратегиялық, оперативті-тактикалық және тактикалық болып бөлінеді. Ядролық қару жарылған кезде: екпінді толқын, жарықтық сәулелену, өтпелі радиация, радиоактивті зақымдану мен электр-магниттік импульс сияқты зақымданушы факторлар пайда болады.